

6D010500 – Дефектология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Мажинов Бағдат Молдахметұлының «Жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары» атты тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында даму мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау мен көмек көрсету мәселесіне арнайы тоқталып, «...мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес, ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады» - деген болатын. Аталған міндеттер барлық қоғам алдында, әсіресе білім беру жүйесіндегі ұйымдарға үлкен талаптар қойып отырғаны анық.

Даму мүмкіндігі шектеулі және мүгедек тұлғалардың білім алуы қазіргі білім беру жүйесінде ерекше орынға ие болып, Қазақстан Республикасының білім беру аймағындағы реформаларда ізгілікке бағыттталып отырғаны мәлім. Әлемде жалпы қабылданған беталыс ретінде даму мүмкіндігі шектеулі және мүгедек тұлғалардың дамуында ерекшелігі жоқ тұлғалармен бірлесе оқуымен тәрбиеленуі инклюзивті білім беру болып табылады. Ол өз алдына олардың сапалы білім алуын қамтамасыз ете отырып, әлеммен байланысында кедергілерді жоюға және тұтас қоғамға кіріктірілуіне мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру тәжірибесі мектепке дейінгі және орта білім беру деңгейлерінде біршама жолға қойылса, ал жоғары білім беру сатысында бұл өзекті мәселе болып отырғаны барлығымызға мәлім. Ал Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және оны жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін 2020 жылға қарай тең жағдай мен кедергісіз қолжетімділікті жасаған ЖОО-ның үлесі 100%-ды құрайды деп көрсетілгені мәлім. Осы орайда Мажинов Бағдат Молдахметұлының «Жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары» атты диссертациялық зерттеуі өзекті.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі

Б.М. Мажиновтың диссертациясында теориялық тұжырымдары мен тәжірибелік нәтижелері философияның, психологияның және педагогиканың заманауи зерттеулерімен, жоғары оқу орындарында мүгедектерге білім

